

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.1, Ч.1 -Б. 65-68

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАЛҒАР АУДАНЫ БАЙСЕРКЕ-АГРО ЖШС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА МАЙБҰРШАҚ DAҚЫЛЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ

*Сарыбай Қ., магистрант,
Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу университеті, Алматы қ.*

Қазіргі заманда адамдарға қажетті азық-түлік пен ауылшаруашылық мал азығындағы ақуыз мәселесі бірінші орынға ие болып отыр. Майбұршақ – әлемдік мәнге ие маңызды ақуыз-май дақылы болып табылады. Оның дәнінің құрамында 37-48% ақуыз, 19-22% май және 30%-ға дейін көмірсутегі бар. Майбұршақ дәні тағамдық, азықтық және техникалық мақсатта кең пайдаланылады, ал жасыл балаусасы жүгерімен араластыра отырып, сүрлем даярлауда таптыртпайтын ақуыздық құрылым. Майбұршақтың азот жинағыш дақыл ретінде агротехникалық мәні зор. Қажетті ылғалдылық жағдайында тұқымды нитрагинмен инокуляциялап екенде, ол топырақта азоттың едәуір көлемін (20-45 кг/га) жинақтайтыны белгілі, сондықтан оны көптеген ауылшаруашылық дақылдарының алдында ауыспалы егістерінде екен жөн.

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта майбұршақ өндірісін ұлғайтуға көп көңіл бөлініп отыр. Бұл бағалы дақылдың өнімділігін арттыру, егіс көлемін кеңейту, өнім шығынын қысқарту шаралары қолға алынуда. Дәнді-бұршақты дақылдардың ішінде майбұршақ құрамындағы маңызды коректік заттардың жоғарылығымен ерекшеленетіні баршаға мәлім.

Майбұршақтың топырақ құнарлылығын арттырудағы маңыздылығы да ерекше. Түйнекті бактериялар есебінен топырақтың жыртылатын қабаты органикалық азотпен байытылады. Сонымен қатар, ол көптеген ауылшаруашылығы дақылдары үшін жақсы алғы дақыл болып табылады.

Осыған орай майбұршақ егістерін зиянды ағзалардан қорғаудың кешенді жүйелерін жасау және өндіріске ендіру республикамыздың егіншілігі мен өсімдік шаруашылығын тұрақты дамытуда өзекті және маңызды мәселе болып табылады.

Алматы облысы, Талғар ауданы, Панфилов ауылында орналасқан «Панфилово» ЖШС-нің базасында құрылған «Байсерке Агро» ЖШС-нің

майбұршақ егістерінде зиянкестердің түр құрамы мен даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында тексеру жұмыстары жүргізілді.

Бұл жұмыстың барысында егістің фитосанитарлық жағдайы, зиянкестердің таралуы мен даму көрсеткіштері анықталды.

Зерттеу нәтижесінде күздік көбелек, жабайы көбелек, асбұршақ биті, өрмекші кене мен темекі трипсі кездесті (1-кесте).

Кесте 1 - Алматы облысы Талғар ауданы, «Байсерке Агро» ЖШС-нің майбұршақ егістерінде зиянкестердің таралуы

Күздік көбелек		Жабайы көбелек		Өрмекші кене		Асбұршақ биті		Темекі трипсі	
таралуы, %	дарак /м ²	таралуы, %	дарак /м ²	таралуы, %	дарак/ өс.	таралуы, %	зақым баллы	таралуы, %	дарак/ өс.
1,8	0,2	1,5	0,5	65,0	14,0	22	0,4	4,0	0,2

Кестеден көріп отырғанымыздай, зиянкестердің ішінен таралуы ең жоғары дәрежеге жеткен өрмекші кене мен асбұршақ биті болды. Өрмекші кененің таралуы 65,0%-ға жетсе, асбұршақ битінің таралуы 22,0%-ды құрады. Жабайы көбелек пен күздік көбелектің таралуы ең төмен 1,5 және 1,8% болды. Ал темекі трипсінің таралуы орташа болды, яғни 4,0%-дан аспады.

Жабайы көбелек Қазақстанда кең таралған, алайда ауылшаруашылық дақылдарына оңтүстікте, оңтүстік-шығыста және шығыста зиян келтіреді. Жылына бір ғана ұрпақ береді. Жетілген жұлдызқұрттары жұмыртқа қабығында қыстап шығады. Одан ерте көктемде сыртқа шығады да, ерте көктейтін шөптесін өсімдіктермен қоректенуге кіріседі. Алматы облысында осындай көбелек жұлдызқұрттарының дамуы 50-60 күнге созылады: наурыздың соңынан мамырдың соңына дейін. Қуыршақ 18-20 күн аралығында дамып жетіледі. Көбелектер екі рет ұшып шығады: маусымда және қыркүйек-қазанда. Аса ыстық уақытта (шілде, тамыз) көбелектер жартылай ұйқыға (дианаузаға) кетеді. Көктемгі ұшып шығатын уақытта олар әртүрлі өсімдіктердің шырындарымен қоректенеді, ал күзде ұшып шыққан кезде шағылысады да, азықтық дақылдарына жақын маңдағы топыраққа 0,5 см тереңдікте 30-60 данадан топтастыра жұмыртқа салады. Көбелектің жұлдызқұрттары Оңтүстік Қазақстан облысында наурыз, сәуір айларында, Алматы өңірінде сәуір, мамыр, Шығыс Қазақстан облысы аумағында мамыр, маусым айларында зиян келтіреді.

Күздік көбелек Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы көптеген ауылшаруашылық дақылдарына аса қауіпті зиянкес болып саналады. Көбелектің соңғы жастағы жұлдызқұрттары 5 см-ден 20 см-ге дейінгі тереңдікте қыстап шығады. Олар 10-11°С аязға төтеп береді.

Көктемде орташа тәуліктік температура 10-12°C болған кезде жұлдызқұрттар диапаузадан шығады да, топырақтың терең емес қабатында жер бесікше жасап, сол жерде қуыршаққа айналады. Қуыршақтардың дамуы 20-25 күнге созылады. Көбелектер 16-17°C температура кезінде ұша бастайды. Қазақстанның оңтүстігінде бұл үдеріс сәуірдің ортасында, ал оңтүстік-шығыста мамыр айының басы мен ортасында басталады. Көбелектер іңірде және түнде ұшады да, күндіз көзге түспейтін әртүрлі жерлерде жасырынып тұрады. Әрбір көбелектің өсімталдығы 200-ден 2000 жұмыртқаға дейін жетеді. Олар осы жұмыртқаларын жеке-жеке немесе топталған күйінде екі-үштен жапырақтарға, өсімдіктердің құрғақ қалдықтарына және топырақ кесектеріне салады. Көктемгі ұрпақ жұлдызқұрттарының алғашқы тобы көбелектердің жаппай ұшуы басталғаннан кейін 8-10 күннен соң пайда болады. Басында олар арамшөптер мен екпе дақылдардың жас жапырақтарының жұмсағын қорек етеді. II жастағы жұлдызқұрттар ойық-ойық із қалдырып, жапырақтарды тесіп жейді. III жастағы жұлдызқұрттар жапырақтардың шеттерін жейді, тіпті кейде олардың сабақтарын да кеміріп тастайды. IV, V және VI жастағы жұлдызқұрттар топырақтың беткі қабатындағы өсімдіктерді түбінен қырқа кеміреді. 25-35 күн өткеннен соң қоршаған ортаның температурасына байланысты жұлдызқұрттар топырақ астында қуыршаққа айналады да, 15-18 күннен кейін II ұрпақ көбелектері ұшып шығады. II ұрпақтағы көбелектердің белсенді тіршілік етуі Оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде шілденің үшінші онкүндігінде – тамыздың бірінші онкүндігінде басталады да, ол қыркүйектің басына дейін жалғасады. Жұлдызқұрттардың өсіп-жетілуі аса ұзаққа созылады. Олар қазанның соңында ғана қысқы ұйқыға кетеді. Қазақстанның оңтүстігінде II ұрпақ маусымның соңынан тамыздың ортасына дейін жалғасады. Ал қыркүйек-қазан айларында – III ұрпақ қалыптасады. Осы ұрпақтың жұлдызқұрттары қараша айында қысқы ұйқыға кетеді.[1]

Күздік көбелектің ауылшаруашылық дақылдары үшін аса зиян келтіретіндер көктемгі жұмыртқадан шыққан жұлдызқұрттар. Өйткені, олардың өсіп-жетілуі екпе дақылдардың өсіп-жетілу сатысының бастапқы кезіне тура келеді. Күздік көбелек тұтаса пайда болады, олардың көбеюіне құрғақ ауа райы қолайлы.

Асбұршақ биті барлық жерде таралған. Олар асбұршақтан басқа майбұршақты және өзге де дақылдарды зақымдайды. Көпжылдық бұршақ тектес шөп сабақтарының тамырға жақын бөлігінде жұмыртқа түрінде қыстайды. Бастапқы кезде бит өсімдіктің аса жас төменгі ұштарына және гүл шоқтарына қоныстанады да, солардың шырынын сорып қоректенеді. Соның салдарынан жапырақтар бұратылып ширатылады да, бірте-бірте қурай бастайды, сабақтары қисайып, нашар өседі. Ал асбұршақтың өзі жетілмей қалады. Өсімдіктер қурағаннан кейін көпжылдық бұршақ тектес өсімдіктерге ұшып қонатын қанатты биттер пайда болады. Осы жерлерде күзде қанатсыз аталық және аналық қоңыздар қоныстанады да, шағылысқаннан кейін аналықтары қыстап шығатын жұмыртқаларын салады. Бір маусым ішінде бит 5-8 ұрпақ шамасында дамиды. Жылы жаңбырлы ауа райы биттің жаппай

көбеюіне жағдай тудырады. Бит саны неғұрлым көп болған сайын астықтың өнімділігі де соған сәйкес азая түседі.

Өрмекші кене (*Tetranychus turkestanicus* Ug. et Nic.) – барлық жерде таралған, алайда Қазақстанның оңтүстік-шығысында елеулі зиян келтіреді. Ұрықтанған аналықтары өсімдік қалдықтарының, топырақ кесектерінің астында, сондай-ақ ағаш қабықтарының жарылған тұстарында қыстайды. Көктемде кенелер арамшөп өсетін жерлерде дамып, өсе бастайды да, осы жерде шоғырлана көбейгеннен кейін майбұршаққа ауысады. Әрбір аналық кене 50-70-тен астам жұмыртқа салады. Өсімдік вегетациясы кезеңінде кене 8-13 ұрпақтан өсіп-жетіледі. Кенелер майбұршақ жапырағының астыңғы жағында тіршілік етеді де, өрмек торларының астыңғы жағындағы сәлді сорып алады. Қоректенетін жерлерінде жапырақтарының бет жағында сарғыштау дақтар пайда болады да, бірте-бірте олардың саны мен көлемі ұлғаяды, дақтар бірімен-бірі қосылып кетеді. Осыдан соң жапырақ ақшыл-қоңырқай түске еніп, олардың жиектері ішіне қарай иіле бүгіледі, сөйтіп мезгілінен бұрын солып қурап қалады. Кенелер жаппай көбейген кезде майбұршақ өнімділігі жедел кемиді де, өсімдіктердің бір бөлігі қурап түседі.

Ауа-райы қолайлы болған кезде өсімдіктер гүлдеп түйін тастайтын уақыт аралығында кенелердің экономикалық зияндылық шегі былайша анықталады – бір жапыраққа орналасқан кенелердің саны 5-ке, ал ауа райы қолайсыз болғанда (температураның төмендеуі, жауын-шашынның мол түсуі) – бір жапыраққа 20 кенеден келеді.

Темекі трипсі барлық жерде таралған. Ересек трипстер өсімдік қалдықтарының астында және топырақтың жоғары қабатында қыстайды. Олар қыстаған орындарынан ауа температурасы 10°C-ден көтерілген кезде шығады. Аналықтары темекі жапырағының үстіңгі қабығының астына, жүйкеге жақын маңға бір-бірден жұмыртқа салады. Өсімталдығы 100 жұмыртқаға дейін. Эмбриондық даму кезеңі 3-5 күнге созылады. Дөрнәсілдері жапырақтардың төменгі жағында қоректенеді, олар 8-10 күнде өсіп-жетіледі, осы уақытта төрт рет түлейді де 15 см тереңдіктегі топыраққа сіңіп кетеді. 4-5 күннен кейін олар қанатты трипстерге айналады да, жер бетіне шығады, сөйтіп темекіге және өзге өсімдіктерге қоныстанады. Бір ұрпақтың дамып-жетілуі үшін 15-30 күн қажет; республиканың оңтүстік-шығыс аймақтары жағдайларында 6-7 ұрпақ береді.[2]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1Горобей И.М., Ашмарина Л.Ф., Мармулева Е.Ю.Батыс Сібір орманды далалық жағдайында майбұршақты өсіруде зиянды және пайдалы жәндіктер. //Өсімдік қорғау және карантин. - 2012. - 44-45 б.

2Стригун А.А., Трибель С.А.Украинада майбұршақ егісінің Фитосанитарлық жағдайы // Өсімдік қорғау және карантин. - 2014. - 32-35 б.